„Жерұйық" N — от 18.04.1995г.

# ҚЫЛМЫС ҚҰРЫҚТАЛМАЙ, ТӘРТІП ТҰРАҚТАМАЙДЫ

## КЕМШІЛІКТЕР ЖОҚ ЕМЕС

«Құқық тәртібі» операциясының жұмысын үйлестіріп отыратын, жергілікті әкімдер жетекшілік ететін штабтар облыстың 14 қаласы мен ауданында құрылып, жедел алдын алу шаралары нәтижелі жүргізуде. Облыстық және жергілікті әкімшіліктер көмек ретінде ішкі істер бөлімдері қызметкерлерінің жалақысына қажет 3 миллион теңге, әр қалалық - аудандық бөлімдеріне жылжымалы милиция бекеті үшін 14 автокөлік берілді. Жеткіншектерді қабылдап - тарату орнына және ішкі істер басқармасының алғашқы дайындық мектебі үшін екі қабатты үй бөлінді. Ішкі істер басқармасы мен қалалық, аудандық бөлімдер арасында тұрақты байланыс орнату үшін құрал-жабдықтарға 500 мың теңге, аудандық ішкі істер органдарының қажетіне апта сайын 20 тонна жанар - жағар май алдын ала өтемсіз бөлінуде. Ал, «Талдықорған мұнай өнімдері» мемлекеттік акционерлік қоғамы 713117 теңгенің жанар - жағар майын тегін беріп отыр.

Талдықорған қалалық ішкі істер бөліміне көмек ретінде ішкі істер басқармасы аппаратының жеке құрамынан және алғашқы дайындық мектебінен 80 қызметкер және түнгі күзет тобымен бірге 2 автокөлік бөлінді. Ішкі істер басқармасында ерекше қауіпті қылмыстарды ашу және қауіпті қылмыскерлерді ұстау үшін арнайы топ құрылды. Аптасына 2 рет Алматы — Өскемен және Сарыөзек — Қорғас жолдарының бойында қарулы автобақылау жүргізіледі. Облыс орталығында қоғамдық тәртіпті қорғау үшін күнделікті 3-4 милиция тобы қызмет иттерімен күзетке шығады. Ақсу, Панфилов аудандарында атты милиция топтары жұмыс істейді.

«Құқық тәртібі» операциясының барысында күнделікті 1310 милиция қызметкері, 170 әскери қызметкер, 100 автокөлік, 14 прокуратура мен халық соттарының қызметкерлері қатысуда. Тіркелген 429 қылмыстың 323-і және бұрын жасалған 94 іс ашылды. 263 қылмыстық іс қозғалып, 308 адам жауапқа тартылды. Тергеу қызметкерлері 141 қылмыстық істі аяқтап, сотқа жіберді. Іздеудегі 4 адам ұсталды, 11 қылмыстық топ әшкереленді.

Жедел - алдын алу шараларының бірінші кезеңінде кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, Бөрлітөбе аудандық, Текелі және Талдықорған қалалық ішкі істер бөлімдерінің жеке құрамдары осы маңызды іске толық жұмылмай отыр. Ақсу, Текелі, Панфилов, Көксу қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінде қылмыстың ізін суытпай ашуға күш салынбайды. Текеліде, Көксу, Гвардия және Талдықорған аудандарында заңсыз сақталған қаруды алу барысы нашар. Облыс бойынша қолды болған автокөлікті іздеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің шолуында орынды сынға ілікті. Тек Талдықорған қаласында жоғалған 4 көлік табылды. Басқа аудандар, қалалар бойынша бірде бір көлік табылған жоқ. Панфилов ауданында және Талдықорған қаласында бір - бірден пара алу дәйегі анықталды. Бұл мәселе бойынша да біздің облысымыз Ішкі Істер министрлігі тарапынан сынға ұшырады.

Облыстағы қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінде 98 сенім телефоны және 62 сенім почтасы орнатылды. Алайда, телефондар арқылы небәрі 22 хабар келіп түсті, оның ішінде екі хабар ғана қылмыстың ашылуына көмектесті.

«Құқық тәртібі» операциясының барысындағы кемшіліктер аудандық, қалалық ішкі істер органдары жеке құрамдарының күштерін толық жұмылдыру және жекелеген шараларды белсендірек жүргізу қажеттігін көрсетті.

**М. ҚОҒАМОВ,**
**облыстық Ішкі істер басқармасы штабының бастығы, милицияның подполковнигі.**